«Бекітемін»
№78 «Асыл»
балабақшасының меңгерушісі
Ш.М. Абдыхаликова
«28» тамыз 2026 жылғы

№78 «Асыл» балабақшасының 2026-2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

Астана, 2026

МАЗМҰНЫ

БАЛАБАҚШАНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫНЫҢ МІНЕЗДЕМЕСІ 2
БАЛАБАҚШАНЫҢ 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ 3
БАЛАБАҚШАНЫҢ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР.....24
БАЛАБАҚШАНЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАҒЫТЫ.....27

I. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1 Шынықтыру шаралары 28
1.2 Спорттық ойын сауықтар мен спорттық мерекелер, денсаулық күндері.....29
1.3. Өмір қауіпсіздігі негіздерін сақтау іс-шаралары.....30

II. КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС
2.1. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу.....31
2.2. Біліктілікті арттыру 32
2.3. Жас маманмен жұмыс.....32

III. БІЛІМ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ
3.1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер 34
3.2 Білім беру процесінің ашық көрсетілімдері. Ертеңгіліктер.....35
3.3. Әдістемелік кеңестер 36
3.4. Педагогикалық кеңестер.....37

IY. АТА-АНАЛАРМЕН ӨЗАРА БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТ
4.1. Ата-аналар жиналыстары.....43
4.2. Ата-аналарға арналған консультациялар 43
4.3. Бірлескен іс-шаралар.....43

Y. МЕКТЕППЕН САБАҚТАСТЫҚ 44
YI. БАСҚА ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТТАРМЕН СЕРІКТЕСТІК.....44
YII. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАУ 45
YIII. 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ «БІР ТҰТАС ТӘРБИЕ» ЖҰМЫСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ.....47
IX. «САРЫАРҚАТАНУ» БАҒДАРАЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ 51
XIII. «ТІЛГЕ БОЙЛАУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ЖОСПАРЫ.....52

X. ЭКСПЕРИМЕНТТІК АЛАҢ ЖҰМЫСЫ. «Баланың зерттеушілік әлемі таным мен ізденіс кеңістігі» тақырыбындағы эксперименттік білім беру бағдарламасын іске асыру бойынша перспективалық жоспары 52
XI. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ
11.1 Мониторинг.....53
11.2. Өндірістік жиналыстар.....54
11.3. Меңгеруші жанындағы кеңес.....55

БАЛАБАҚШАНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫНЫҢ МІНЕЗДЕМЕСІ

Балабақша нөмері, атауы: МКҚК№78 «Асыл» балабақшасы
Мекен-жайы: Есіл ауданы Түркістан 12/1
Жоба қуаттылығы: 295 балаға арналған
Топ: 12
Тіл оқытуы: мемлекеттік тіл
Ғимарат түрі: 2 қабатты
Балабақша телефондары: 22-23-64,22-24-62
Балабақша меңгерушісі: Ш.М. Абдыхаликова

№ 78 «Асыл» балабақшасы МКҚК Астана қаласының мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымы 2015 жылы қолдануға берілген.

Балабақша типтік ғимаратта орналасқан, балабақшаның жобалық қуаттылығы - 295 балаға арналған. Арнайы жайлардың жиыны 12 топты құрайды: топ бөлмелері, музыка, дене шынықтыру залы, әдістемелік кабинет, робототехника, тұзды шахта, психолог, логопед-дефектолог кабинеті. Балабақшада медициналық бөлме, процедуралық, изолятор, кір жуу бөлмелері, ас блогы бар. Әрбір топтардың алаңдарында САНПИН бойынша сапалы құм әкелініп, балалардың ойнауына қолайлы жағдай жасалынған. Балалардың ойынына арналған қалыпсыз құралдар, спорттық алаңдар орналасқан. Топ жайлары және алаңдары санитарлық-гигиеналық, педагогикалық талаптарға сәйкес, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескеру есебімен жабдықталған. Балабақшаның материалды-техникалық аясын толықтыру даму бағдарламасына сәйкес болып келеді.

Жылдың күзгі-көктемгі уақыттарында жасыл-желектерді, гүлзарларды толықтыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Спорттық алаң қалыпқа келтіріліп, едені жұмсақ жасыл жасанды тартанмен төселді.

1.2 Педагогтердің сапалық құрамы

кезең *жылы*	**Педагог саны**	**Білімі**	**Санаттылық деңгейі** *(жалпы және санаттар бойынша бөлек, %)*					
		жоғары *(саны)*	**Орта арнаулы** *(саны)*	**Жалпы көрсеткіші** *(саны)*	*(педагог-шебер педагог-зерттеуші)*	*(педагог-эксперт)*	*(педагог-модератор)*	**Санатсыз педагог саны**
2025 год (сентябрь)	**30 меңгерушімен**	**30**	**0**		**1**	**4**	**18**	**6**

Жалпы педагогтардың саны:-30
Меңгеруші -1
Әдіскер -2
Тәрбиешілер -17
Мамандар-10
Педагог психолог -2
Логопед-1

Бәрі -30
3 тәрбиеші бала күту демалысында
Қазақ тілі маманы-2
Музыка жетекшісі-3
Дене тәрбиесі мұғалімі-2
Педагог ассистент-1

№78 «Асыл» балабақшасының 2025-2026 оқу жылы бойынша жылдық қорытынды есебі

Баланың дамуына оқу-тәрбие процесінің қалай ұйымдастырылғандығы емес оған қайда және қандай ортада өмір сүріп жатқандығы әсерін тигізеді. Дұрыс ұйымдастырылған пәндік-дамытушы орта оның жан-жақты дамуына әсер етеді. Жетекші бағыттарды орнықтырып және дамушы ортаның кейпі ретінде біз мыналарды қарастырамыз:

- Баланың эмоционалдық тұрғыдағы жақсы жағдайының дамуын оңтайландыру үшін санитарлық-эпидемиологиялық тораптың талаптарын орындау;
- Баланың әр жастағы балалармен, үлкендермен жан-жақты қарым-қатынас жасауын дамыту үшін толық әлеуметтік ортаны құру;
- Оңашалану бұрышын және «үйдегі жайды» құру;
- Типтік жобада қарастырылмаған әртүрлі қызметтер үшін арнайы жабдықтаулы жайларды бөлу (логопед-дефектолог, психолог кабинеті);
- Топ ішінде балалардың бірігіп және жеке жұмыс жасауына арналған, соның ішінде дамыту орталықтарында «оңашалану бұрышына» жағдай жасау;
- Балалармен алуан түрлі белсенділікті, әртүрлі педагогикалық жұмысқа арналған тарауларды жабдықтау және оларды қолдану;
- Баланың дамуы үшін ойын, спорттық және тағы басқа да жартылай функционалды жабдықтардың түрлерін қолдану;
- Жаңа заманға сай заманауи жабдықтар мен ойыншықтарды қолдану;

Дамытушы ортаны құру.

Балабақшаның әртүрлі жастағы топтарында, балаларды өздігінен, белсенді және мақсатты бағытта іс-әрекеттің барлық түріне дамыту үшін түрлі бағытта бұрыштар жасалған:

1. желілі-рөлді ойын орталығы;
2. баланы тілін дамытуына арналған барлық ойындар мен құралдары бар кітап бұрышы бар, сауат ашу орталығы;
3. құрылыс-құрастыру орталығы;
4. бейнелеу-көркем қызметі;
5. спорттық кешен орналасқан дене тәрбиесі бұрышы;
6. есеп орталығы (ойындар, есептеуге арналған заттар, геометриялық пішіндер);
7. тәжірибе мен сараптама жасау үшін орын, табиғат бұрышы бар ғылыми орталық;
8. балалардың бейнелеу қызметі үшін құралдар, өнер заттары, өнермен таныстыру бойынша материалдар жинақталған өнер орталығы.

Жас ерекшеліктеріне байланысты бөлмелерде дамушы ортаның және заттардың орналасуының өзіндік ерекшеліктері бар.

Кіші топта ірі жартылай функционалды ойыншықтармен үлкен ашық алаң және үлкен ойын жабдықталған: ойынға арналған бұрыштар

ұйымдастырылған. Ортаңғы топтарында желілі-рөлді ойындар орталығы бар. Шығармашылық өнердің даму орталықтары, біріккен жұмыс орталықтары орналасқан.

Сурет салу, жапсыру, бейнелеу, көркем еңбек үшін барлық затпен жабдықталған. Орталықтар эстетикалық безендіріліп, оларды шығармашылық жұмыс көрмесі үшін орын ойластырылған.

Қабылдау бөлмелерінде ата-аналарға балалардың жасаған жұмыстарын көрсету үшін тақтайшалар орналасқан. Табиғат бұрышында өсімдіктердің түр-түрі жиналған, табиғи күнтізбелері ұйымдастырылған, балалар мен педагогтардың бірлескен жұмысы табиғатты аялауға деген көзқарасын дамытуға қалыптастырады.

Аталған оқу жылында дамытушы ортаны жетілдіру жұмыстары мектепке дейінгі мекеменің барлық жас ерекшеліктері әртүрлі топтарда бағдарламаға сәйкес өз жұмыстарын жүзеге асырған педагогтарды ата кетуге болады. Сомшина Әлия («Балдәурен» мектепалды тобы), Бабиева Дана және Тұрғынбаева Айшолпан («Зерек» мектепалды тобы), Жаппас Асылзат («Күншуақ» мектепалды тобы),

Дамытушы ортаның заттары және ұйымдастырылуы мектеп жасына дейінгі балаларға рационалды және мақсатты, ыңғайлы және жеткілікті жас ерекшеліктері мен қабілеттіліктеріне қарай жауап береді. Оқу жиһазының, ойын және басқа да жабдықтарының орналасуы мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа және баланың дене дамуының принциптерін жақсартуға техника қауіпсіздігінің, санитарлық-гигиеналық мөлшерлердің талаптарына сәйкес орналасқан. Балабақшадағы пәндік-дамушы орта баланың толық дене (физикалық) дамуына, өмірін қорғау және денсаулығын бекітуге бейімделініп, көркем-эстетикалық талаптарға жауап береді. Барлық топтарда денсаулық сақтау ортасы, кварцтеу лампасы, сонымен қатар диспенсерлі таза ауыз суы бар. Балабақшада санитарлық педагогикалық мөлшерлемелерге сәйкес жабдықталған жақсы «Тұзды шахта» бар. Дене тәрбиесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет өткізуге арналған дене шынықтыру залы, балабақша аумағында жаңа спорттық алаң жұмыс істеуде. Дене шынықтыру залы гимнастикалық маттармен, баскетбол, валейбол доптары және торларымен, жаттығу төсеніштерімен, доптармен, лақтыруға арналған қапшықтарымен, гимнастикалық дөңгелектермен және т.б. қажет құралдармен жабдықталған. Ұлттық ойындар «Бес кеней», «Бестемше», «Мангала» ұлттық ойын ойнау жобасы аясында аталған оқу жылында бірнеше жұмыстар атқарылды.

Кең әрі жарық эстетикалық тұрғыда жасақталған балабақшаның екінші қабатында орналасқан музыка залы бар. Балаларға музыка ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізетін педагогтар Исаева А.А, Мукашев С.А, Жандосова А.А, мен қалалық және балабақша ішінде өткізілген семинарларға өте белсене қатысты. Балабақшаның тәрбиеленушілерін бірнеше музыкалық сайыстарға қатыстырып, жүлделі орындарға ие болды. Қалалық жол-көлік жарақатының алдын алу мақсатында мейктепке дейінгі білім беру мекемелері арасында

өткізіліген брейн-ринг сайысында «Шұғыла» мектепалды тобы екінші орынға ие болды.

Әдістемелік бөлмеде бағдарламаның барлық тарауы бойынша әдістемелік, және түзету қызметінің мәліметтері жинақталып, педагогикалық кітапхана, педагогтардың ата-аналар кеңесіне арналған мәліметтер жинақталған. Жыл сайын мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша басылымдар тізімі ұлғайтылып отырады.

Әдістемелік кабинет балабақша ғимаратының екінші қабатында орналасқан. Әдістемелік бөлмеде әдістемелік құралдар, материалдар жинақталған. Бұл мәліметтерді педагогтар жұмыстары үшін ұйымдастырылған іс-әрекетке, кеңестерге дайындалған кезде, сондай-ақ, үлестірмелі және ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетуге алып қажеттіліктеріне пайдаланады. Осылайша, балабақшада баланың тұлғалық тұрғыда қалыптасуына қажетті барлық жағдай жасалып, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігінің деңгейін көтеріп отыруға барлық мүмкіндіктер жасалған. Атап айтар болсақ, аталған оқу жылында бірнеше педагог өз біліктіліктерін көтеріп, 72 сағаттық курстарды аяқтады.

«Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарлама» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі *(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі), Астана, 2025*

бойынша бағдарламадағы берілген іс-шаралар жүзеге асырлып отырды.

Басқарудың коллегиялық мүшелері балабақша кеңесі, педагогикалық кеңес және ата-аналар комитеті болып табылады.

Еңбек қатынасы ұжымдық келісім-шартқа сәйкес жүзеге асады.

Педагогикалық ұжым балалардың іс-әрекетін болжау және жобалау процесінде педагогикалық құзіреттілікті қалыптастыру бойынша, сондай-ақ денсаулықты жақсарту жүйесінде бала мен ата-ана қарым-қатынасының механизмін белсендіру міндеті бойынша жұмыс жасады.

Эксперименттік тақырып: «Абай аманаты» (2023 жылдан 2026 жылға дейін) іске асырылды. Білім беру және оқыту бағдарламасы, сондай-ақ **«Абай аманаты»** эксперименті бойынша көптеген іс-шаралар өткізілді.

Бақылау, мониторинг және эксперимент нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету құралдары: Ашық есік күнін ұйымдастыру.

Ата-анамен жұмыс, балабақшада педагогтардың балалармен жүргізілетін іс әрекеттерін бақылау.

Балалардың білім сапасына бастапқы, аралық және қортынды мониторинг жүргізу.

Қалалық семинарда балалармен танымдық, шығармашылық, зияткерлік,интеллектуалдық тақырыптарда ашық іс-әрекеттерді көрсету.

Жалпы қорытындылар: 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмыс қанағаттанарлық деп есептелсін;

Жаңа жылға арналған іс-шараларды жоспарлау кезінде инновациялық Денсаулық сақтау технологиялары арқылы балалардың денсаулығын

нығайтуға машықтансын; сырқаттанушылықты азайту мақсатында әр балаға жеке көзқарас қолдану керек.

Материалдық-техникалық жарақтандыру және жабдықтар, балабақша ортасын кеңістікте ұйымдастыру қауіпсіздік техникасының, санитарлық-гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының талаптарына сәйкес келеді.

Өткен 2025-2026 оқу жылында педагогикалық ұжымдық жылдық жоспарға мақсаттар мен міндеттер қабылдап жоспарлы түрде осы мәселелерге сай жүйелеген бірқатар жұмыстар атқарылған:

Педагогтер туралы жалпы мәлімет

Жалпы педагог саны	30
Оның ішінде экспериментке қатысушы педагогтер саны	5

Экспериментке қатысатын педагогтердің сапалық құрамы

Санаты	Санатсыз	1-санат	2-санат	Педагог-модератор	Педагог-зерттеуші
Педагогтер	4	0	0	4	0
Барлығы-7					

Топтар	**Бала саны**
Барлығы 12 топ	
Оның ішінде эксперименттік топ-3 Мектепалды «Күншуақ»тобы Мектепалды «Зерек» тобы Мектепалды «Балдәурен» тобы Бақылау тобы-1 Ересек «Қазына» тобы **Барлығы- 4 топ**	100

2. Ұйымдастыру қызметі

Экспериментке қатысушы тәрбиеленушілерден және ата-аналардан сауалнама, сонымен бірге балалардың біліктері мен дағдылырының дамуы бойынша бастапқы, аралық бақылау нәтижелері алынды.

3.Оқу-әдістемелік қызмет:

№	Іс-шаралар	Өткізу мерзімі	Практикалық шығуы
1.	«Ұлттық ойын ұлт қазынасы»	13.10.2025	Ата-аналармен іс-шара № 78 «Асыл» балабақшасы
2.	«Адал азамат біртұтас тәрбие» жобасы	02.11.2025	Педагогтерге арналған шеберлік сыныбы. № 78 «Асыл» балабақшасы
3	«Менің экокөлігім»	16.11.2025	Әкелер арасында сайыс № 78 «Асыл» балабақшасы

4	«Балабақшадағы дидактикалық ойындар»	01.02.2025	Мектепке дейінгі тәрбиешілер қауымдастығы «Түрлі жас топтарында ойындарды ұйымдастыру шеберлік сыныбы, №78 «Асыл» балабақшасы
5	«Балабақшада әдістемесі арқылы балалардың танымдық-тілдік қабілеттерін дамыту»	22.02.2025	Ата-аналарға арналған шеберлік сыныбы № 78 «Асыл» балабақшасы

4.Ғылыми-әдістемелік қызмет

Астана Халықаралық университетінің педагогикалық колледж ұйымдастырған ғылыми-практикалық конференцияда аттестациядан өтетін педагогтердің мақалалары жарияланды.

5.SWOT-талдау

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
Step by step әдістемесі бойынша жаңа жұмыстың болуы;	Бірлескен іс-шараларға ата-аналардың толық қатыса алмауы
Мүмкіндіктері	**Кедергілер**
Инновациялық технологияларды қолдану арқылы жұмыс жүргізу мүмкіндігі; -Дамытушы ортаны жабдықтау мүмкіндігі.	- Осы сала бойына қазақ тіліндегі әдістемеліктердің аздығы; - Педагогтардің материалдық жағынан ынталандырылмауы; - Тақырып бойынша арнайы курстардың болмауы

6. Мәселелерді шешу жолдары

№	**Іс-шаралар**
1	Педагогтермен эксперименттік алаң бойынша семинарлар, шеберлік сыныптарын өткізу
2	Ата-аналармен шеберлік сыныптар ұйымдастыру
3	Педагогтерді курстарға қатыстыру

7. Күтілетін нәтиже:

- Балалардың танымдық-тілдік қабілеттерін сапалы дамыту үшін ойын түріндегі тиімді әдіс-тәсілдер қолдану арқылы балалар жан-жақты дамиды;
- Педагогтер мен ата-аналардың бірлескен жұмысы жағдайында қолайлы орта құрылады;
-Эксперимент барысындағы педагогикалық тәжірибені жинақталып, таратылады.

Кадрлық әлеуетке талдау

№ 78 «Асыл» балабақшасының МКҚК кадрлық әлеуеті: тәрбиешілер ұжымын, меңгеруші, 1 инновация, 1 балабақша әдіскері бар, 2 дене тәрбиесі нұсқаушысы, 2 –психолог, 1- дефектолог, 1- логопед, 3 - музыка жетекшісін құрайды.

2025-2026 оқу жылында балаға жаңартылған стандарт деңгейімен кең түрде тәрбие-білім беру, тереңдетілген дамыту мен оқытудың қызметтерін балабақшада жоғары және арнаулы орта педагогикалық білімдері бар мамандар жүзеге асырды.

Жоғары білімі бар педагогтер саны жыл сайын өсуде.

Білімі бойынша педагогикалық ұжымның сапалық құрамы

	2025-2026
Барлық педагогтер	30
Мектепке дейінгі жоғары білім	29
Бейіні бойынша арнаулы орта	1
Бейіні бойынша сәйкес келетін	30

Қазіргі таңда ұжымдағы педагогтердің орта жасы 38-60 жасты құрайды. Педагогикалық ұжымның құрамындағы жас ерекшеліктерді салыстыру кестесін талдауда, біркелкі деңгейде (35-40 жас) қалған, бұл кадрлық әлеуеттің тұрақтылығын көрсетіп отыр.

Педагогтердің педагогикалық өтілдері бойынша

5 жылға дейін	5
5 – 10 жыл	4
10 – 15 жыл	11
15 - 20 жыл	5
20 жыл одан да көп	5
Барлық педагогтар	30

Дегенмен, педагогикалық қызметкерлердің де жетіспеушілігін айта кеткеніміз жөн. Әсіресе, педагогикалық кадрлық құрамда жас мамандардың болғанын атап айтып кету керек.

2025-2026 оқу жылында балабақшаның аттестаттау комиссиясына 8 педагог біліктілік санатын алуға өтініш берді оның ішінде.Олар: Ерманова Толқын Муратовна, Бекназарова Кенжекул Султанбековна, Ермаганбетова Асем Аскаровна, Бабиева Дана Кайратовна, Шынасылова Марал Бегимбаевна,Тұрғынбаева Айшолпан Маратовна, Абилова Қарлығаш Қуанышбекқызы, Кокен Ақерке Темірбекқызы осы педагогтер сарапшыға және модерторға ұсыныс жасаған

Педагогтердің берген біліктілік санатына және аттестаттау және Сараптамалық комиссиясы барлық құжаттарды қарап шықты.

Оқу жылы ішінде жоспарлы түрде әртүрлі семинарлар, кеңестер, педкеңестер, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, тақырыптық қорытынды педкеңестер сонымен бірге, біліктіліктің жоғарылауына әсер ететін ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттердің ұжымдық көрсетілімі және балабақшалардың әдістемелік бірлескен отырысы өтеді. Тәрбиешілер жаңа әдістемеліктермен, әдебиеттермен танысып, өз педагогикалық шеберліктерін әрі қарай жетілдіре түседі.

Педагогтердің біліктігін арттыру курстары балабақшаның біліктілігін арттыру кестесінің жоспарына сәйкес өткізіледі. Оқыту және тәрбиелеу процесінің деңгейін көтеру мақсатында, педагогикалық кадрларды қабылдау әңгіме өткізу, ойын және ұйымдастырлаған іс-әрекет, күн тәртібі сәттерін өткізуді сынап көру арқылы жүзеге асады. Қызметті «ойдағыдай» жүзеге асырған тәрбиеші, сынақ мерзімімен жұмысқа қабылданады. Жас мамандармен: әдістемелік әдебиеттермен, тәлімгер-педагогтердің тәжірибелік қызметімен және т.б. таныстырудың жүйелі жұмыстары өткізіледі. Жас мамандардарға оқу жылында жұмыс процесінде жоспарлы түрде жүзеге асатын жұмыс жоспары құрастырылады.

№ 78 «Асыл» МКҚК балабақшасында осы аталған оқу жылы көлемінде педагог-тәлімгерлерден тұратын шығармашылық топ жұмыс істейді. Топ авторлық бағдарламаларды, әдістемелік ұсыныстарды әзірлеумен; оқу-тәрбие үрдісін әдістемеліктермен қамтамасыз етуді жетілдірумен, кәсіби шеберлікті жоғарылатумен жұмыс жасайды. Жыл сайын шығармашылық топтың жинақталған мәліметтері, сонымен қатар, жеке педагогтар қала деңгейінде қорғаудан өтеді. Педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуда педагогтердің шығармашылық тақырыпта жұмыс істеп, тақырыптарды жинақтау мен оңтайлы тәжірибені қорғау жұмыстарының маңызы зор.

Диагностика – бұл кадрлармен жұмыс барысында маңызды элемент болып келеді. Ол педагогтердің кәсіби шеберліктерінің деңгейін бағалауға көмектесіп қоймай, сонымен қатар, қажеттіліктер мен тапсырыстарды, педагогтермен жұмыстың дифференциалды мақсаттарын анықтауға және оларды дұрыс жүзеге асыру жолдарын таңдауға көмектеседі. Педагогикалық ұжымның деңгейін бағалау негізінде жеке алынған педагогтің қызметін обективті бағалауды көруге болады және педагог өзінің жеткен деңгейін өз әріптестерімен салыстырып көре алады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың даму құзыреттілігін бағалау индикаторларының қорытындысын талдау анықтамасы

Қорытынды жағдайды (тәрбиеленушілердің қорытынды даму деңгейін) анықтау мақсатында мониторинг оқу жылының соңында 2026 жылы мамырда өткізілді. **Үлгілік бағдарламаның материалдарын игеру мониторингісінің** қорытындылары, әр жас топтағы: кіші, «Бөбек», «Балбала», «Еркемай», «Гаухар» ортаңғы топтары, «Қазына», «Асыл», «Қымбат», «Тұмар» ересек топтары, «Балдәурен», «Зерек», «Күншуақ»,

«Шұғыла» мектепалды тобындағы балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі материалдарын меңгеруде жоғары, орташа және төмен деңгейлерді көрсеткенін аңғаруға болады (қорытындылары кестеде берілген).

Барлығы: 343 тәрбиеленуші тексерілді.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша:

Жоғары деңгей – 57 %

Орташа деңгей – 34 %

Төмен деңгей – 9 %

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:

Жоғары деңгей – 54 %

Орташа деңгей – 34 %

Төмен деңгей – 12 %

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Жоғары деңгей – 55 %

Орташа деңгей – 34 %

Төмен деңгей – 11 %

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:

Жоғары деңгей – 56 %

Орташа деңгей – 34 %

Төмен деңгей – 10 %

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыруды дамыту бойынша:

Жоғары деңгей – 56 %

Орташа деңгей – 34 %

Төмен деңгей – 10 %

Мониторингтің критерийлерін (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыра отырып, балабақша балаларының құзіретті дамуының қорытынды мониторинг қорытындысының талдауы оңтайлы өтіп отыр.

Қорытынды мониторингтің қорытындысы бойынша келесі міндеттер анықталды:

1. Балалардың Үлгілік бағдарламаның мәліметтерін сапалы меңгеруіне өз уақытында бақылау жасау және тұрақты талдау жүргізуді келесі 2026-2027 оқу жылында жалғастыруды жоспарлау.
2. Балабақшаның ата-аналарын балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде белсенді болуға шақыру, ата-аналармен жүйелі жұмыстар жүргізуді жалғастыру.

Міндеттерді шешу үшін педагогтармен семинарлар, педагогикалық кеңестер, ашық сабақтар, кеңестер жүргізілді. Педагогикалық кеңестерге, әкімшілік және өндірістік отырыстарға, ата-аналар жиналысы мен

конференцияларға Білім басқармасының өкілдерін, мектеп мұғалімдерін шақырумен сұрақтарды талқылау айқын түрде өтті. Педагогикалық кеңестер дөңгелек үстел, дискуссиондық клуб, қызметтік ойындар, тәжірибелі жұмыстың ақпараттық мәліметтерін тыңдау түрінде өтеді.

Алға қойылған міндеттерді шешуде ата-аналардың балабақшадағы шараларға қатысуы, отбасы мен балабақша ынтымақтастығы үлкен роль атқарады. Ата-аналармен жұмыс жасау түрлері алуан түрлі – бұл ата-аналар семинарлары мен конференциялар, ақпараттық тыңдаулар, кеңестер, ашық есік күндері, бірлескен мерекелер мен ойын-сауықтыру кештері, спорттық мерекелер, денсаулық күні және т.б.

Осылайша, балабақшада шығармашылық еңбекке қабілетті, балалармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізетін, кәсіби-дайындықтары бар, жұмысқа қабілетті ұжым қалыптасқан. Балабақша мектеп жасына дейінгі балаларға - өз тәрбиеленушілеріне сапалы оқыту мен тәрбие, ыңғайлы және эмоционалды оңтайлы микроклиматты қамтамасыз етеді.

Балабақша біртіндеп және жоспарлы түрде педагогикалық қызметті тәрбие мен оқыту процесінің білімді-бағытта емес, тұлғалық-бағыттың үлгісі бойынша, яғни, мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы даму және дидактикалық міндеттердің қатарында тұлғалық міндеттердің өсуі үшін жұмыстар жүргізуде.

2025-2026 оқу жылындағы балалардың құзыреттілік дамуының мониторинг көрсеткіштері бойынша жиынтық есеп

№	Топтар атауы	Бала саны	Бастапқы	Аралық	Қортынды
1	«Күншуақ» мектепалды тобы	35	70,5%	80,5%	100%
2	«Балдәурен» мектепалды тобы	35	60%	76,6%	100%
3	«Шұғыла» мектепалды тобы	33	70,1%	80,4%	100%
4	«Зерек» мектепалды тобы	11	44%	65,5%	98,4%
5	«Қазына» ересек тобы	31	70%	81,1%	100%
6	«Асыл» ересек тобы	30	60%	70,8%	98,1%
7	«Тұмар» ересек тобы	33	65%	74,6%	94,8%
8	«Қымбат» ересек тобы	31	65%	78,4%	99,1%
9	«Гаухар» ортаңғы тобы	30	48%	70,1%	100%
10	«Балбала» ортаңғы тобы	29	58%	71,5%	97,6%

11	«Еркемай» ортаңғы тобы	25	45%	65,8%	100%
11	«Бөбек» кіші тобы	25	42%	65,8%	98,7%
12	Барлық бала саны	348			
	Жалпы білім сапасы		64.8 %	85,5%	100%

Ішкі байланыстар:

- Астана қаласының Білім басқармасы;
- Астана қаласының Әкімдігі;
- Астана қаласының Әдістемелік орталығы;
- Астана қаласының Педагогикалық гуманитарлық колледжі;
- Астана қаласы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру институты;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі;
- Астана қаласы шығармашылық сарайы;
- «Денсаулық үйі» ЖШС;
- № 9 емханалар;
- № 76 мектеп-лицей;
- Жол полициясы т.б.

2025-2026 оқу жылындағы балабақшаның педагогикалық жұмысының қорытындысы
Дене тәрбиесі бойынша жұмысты талдау

Мектепке дейінгі мекеме жұмысының маңызды көрсеткіші балалардың денсаулығы болып табылады. Балабақшадағы денсаулықты сақтайтын педагогикалық процесс-бұл балалардың физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған процесс. Біздің балабақшадағы сауықтыру қызметінің негізгі бағыттарына мыналар жатады: санитарлық-эпидемиологиялық режимді ұйымдастыру және балалардың тыныс-тіршілігіне гигиеналық жағдай жасау; салауатты теңдестірілген тамақтануды ұйымдастыру; балалардың балабақшада болуы кезінде олардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; балалармен және қызметкерлермен емдеу-алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру; балалардың дене тәрбиесі.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Балабақшадағы балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Материалдық-техникалық жарақтандыру және жабдықтар, балабақша ортасын кеңістікте ұйымдастыру қауіпсіздік техникасының, санитарлық-гигиеналық нормалардың, балалардың физиологиясының талаптарына сәйкес келеді.Балабақшадағы барлық дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары әр жастағы балаларға арналған қозғалыс режимінің құрылымын ескере отырып құрылады. Дене тәрбиесі жаттығулары мотор режимінің ұйымдастырылған түрі болып табылады. Дене тәрбиесі нұсқаушысының іс-әрекетін өткізу кезінде ол дәстүрлі және дәстүрлі емес формаларды қолданады: сюжеттік,

жаттығу, бақылау, кешенді, эстафеталық ойындар және т.б. белсенді әрекетті тыныс алу, релаксация жаттығуларымен алмастыру принципі қолданылады. Жыл бойы әртүрлі қатайту шаралары қолданылады: ауа ванналары, жазда күн ванналары, қолды шынтаққа дейін құю, балаларды таңертең ашық ауада қабылдау. Оқу жылы ішінде қатаюмен қатар профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі, ай сайынғы жоспар әзірленді, оған витаминдік терапия, ауа ванналары, фитотерапия, кварц топтары, сарымсақ терапиясы, ауыз қуысы мен мұрын-жұтқыншақты тұзды салқын сумен суару кіреді.

Оқу жылы бойы дене тәрбиесіне медициналық бақылау жүргізілді, оған мыналар кірді: қозғалыс режимін ұйымдастыруды, дене жаттығуларын өткізу әдістемесін және сабақтарды ұйымдастыруды және олардың баланың денесіне әсерін медициналық-педагогикалық бақылау; қатаю жүйесінің жүзеге асырылуын бақылау.

Сабақтарды, дене шынықтыру жабдықтарын, спорттық киімдерді, аяқ киімдерді өткізудің санитариялық-гигиеналық жай-күйін бақылау.

Балабақша педагогтері мен ата-аналар арасында мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі мәселелері бойынша санитарлық-ағарту жұмысы.

Балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған барлық күш-жігер біздің тәрбиеленушілеріміздің ата-аналарын түсінбей және қолдаусыз күтілетін нәтижелерге ие болмайды.

Жұмыстың әртүрлі формалары: ашық сабақтар, спорттық мерекелер, денсаулық күндері, бос уақыт және т. б. ата-аналар үшін топта денсаулық бұрышы, "ЖРВИ-дағы акупрессура", "Дәрі-дәрмексіз денсаулыққа" папкалары, "балаларды балабақша жағдайына бейімдеу", "Үйде және таза ауада ойнау"консультациялары ұйымдастырылды. "Балалардың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда".

2025-2026 оқу жылындағы топтары бойынша балабақша балаларының аурушаңдығын салыстырмалы талдау

№	Аурулардың атауы	Зерек	Күншуақ	Шұғыла	Балдәурен	Қазына	Асыл	Тұмар	Қымбат	Балбала	Гаухар	Еркемай	Бөбек	
1	ЖРВИ	63	67	34	34	55	23	69	45	35	45	30	45	545
2	Бронхит	5	2	4	4	7	3	5	8	2	4	1	7	52
3	Тамақ ауруы	1	-	-	-	5	-	1	1	-	-	-	-	8
4	Пневмония	3	-	-	--	1	-	-	2	-	1	1	2	10
5	Тұмау	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
6	Басқа аурулар бойынша	41	23	29	22	15	10	24	27	20	26	11	35	283
	Барлығы	113	92	67	60	83	36	163	83	57	76	43	89	

Балаларға жоспарлы тереңдетілген медициналық тексерулер ұйымдастырылды және өткізілді. "Д" есебінде тұрған балаларды бақылау, жиі ауыратын мектеп жасына дейінгі балаларды диспансерлеу жүзеге асырылды. Күн тәртібінде қатайтатын сауықтыру іс-шаралары жүйелі түрде өткізілді. Медициналық персонал мен әкімшілік балалардың тамақтануын, мәзірді түзетуді бақылауды жүзеге асырды, Балалардың денсаулығы туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізілді. Жыл бойы ата-аналар бұрыштары арқылы "балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау" тақырыбы бойынша санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізілді. Тоқсан сайын "денсаулық күндері", апта сайын дене шынықтыру демалысы өткізілді.

Нұсқаушылар мен психолог жүргізді: психологиялық тренинг, тыныс алу гимнастикасы, фито чай. Жазғы сауықтыру кезеңі басталар алдында ұжымға "балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау" бойынша нұсқаулық өткізілді. Балабақшаның әкімшілігі мен медицина қызметкерлері жазғы сауықтыру іс-шараларын әзірледі, олар қорытынды педагогикалық кеңесте бекітілді.

Жылдық міндеттері:

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, білім беру үдерісіне заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді енгізу.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту: салауатты өмір салтын қалыптастыру, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық белсенділігін, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту.

№1 Пед.Кеңес

Тақырыбы: «Білім беру ұйымының 2025–2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары»

Мақсаты:

Жаңа оқу жылында балабақша жұмысының негізгі бағыттарын анықтау.

Күн тәртібі

- Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы туралы ақпарат.

- Жаңа келген балалардың жеңіл бейімделуін ұйымдастыру жұмыстары туралы ақпарат берілді.

-Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы және осыған орай шешімін шығарды.

- Білім беру қызметкерлеріне арналған тамыз кеңесінің қорытындысы, және оны талқылау.

-ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2025-2026 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаттын мазмұнымен таныстыртырылды.

Оқыту мен тәрбиелеудің барлық процесі МЖМБС сәйкес құрылады.

Бағдарламалар барлық жұмысты апталық-тақырыптық жоспарлау принципі бойынша құрастырады.

Негізгі мақсаты педагогикалық кеңесте бекітілген бір тақырыпты кешенді қамту болып табылатын аптаға арналған циклограмма барлық қызмет түрлерімен және барлық қызмет орталықтары арқылы;

тақырыпты неғұрлым мазмұнды, тереңірек зерттеу және балалардағы білім сапасының жоғары пайызы,даму ортасын құру;

педагогтардың шығармашылық көзқарасын, олардың оқу-тәрбие процесін және барлық қызмет түрлерін жоспарлауға даралығын дамыту.

Ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыстың негізгі нысандарына ерекше назар аударамыз:

Балалармен өткізілетін іс-әрекеттерге, режимдік процестерге, іс-шараларға, ойын-сауықтарға қатысу, бақылау және басшылық ету.

Әдіскер, психолог балалардың өнімді іс-әрекетін зерттеу (ИЗО бойынша жұмыстар, сөйлеуді дамыту бойынша шығармашылық жұмыстар).

Тәрбиешілер балалармен жеке жұмыс жасау (кеңес беру, әңгімелер, жұмыс тәжірибесін зерттеу)

№2 Пед.Кеңес

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымдағы ойын-баланың жан-жақты дамуының негізгі құралы»

Мақсаты: білім беру процесінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдану мәселесі бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының белсенділігін ынталандыру және құзыреттілігін арттыру.

Педагогикалық кеңес жоспары:

Педагогтармен жұмыстың барлық түрлері, формалары балабақшаның жылдық әдістемелік міндеттерімен тығыз байланысты. Өз кезегінде педагогтар жылдық міндеттерді орындау, оқу процесін жақсарту мақсатында өзін-өзі тәрбиелеу мәселелерімен терең айналысады.

Білім беру процесінде балалардың бағдарламалық мазмұнды игеруінің оң динамикасы белгіленгенін атап өтуге болады. Балалардың барлық білім беру салаларын табысты игеруі, педагогтар тәрбие – білім беру процесіне шығармашылық көзқараста; балалармен жеке жұмыста көреді;

топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін дидактикалық ойындармен және құралдармен толықтыру.

Балалармен жұмыс істеудің әртүрлі формаларын қолдану.

Жыл бойы педагогтармен жылдық міндеттерді іске асыру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған жан-жақты әдістемелік жұмыс жүргізілді: Әдістемелік және педагогикалық кеңестер "дөңгелек үстел", "іскерлік ойын", "психологиялық тренинг", "Педагогикалық ринг", "ми шабуылы"сияқты

дәстүрлі емес өткізу нысандарын пайдалана отырып, кесте бойынша жүргізіледі.

Әдіскер тәрбиешілердің күнделікті іс-әрекетін бақылау жоспарын құрды, бұл әр топты бөлек бақылауға көмектеседі. Сонымен қатар, балабақша тәрбиешілері мен пән мамандары әр топта әр пән бойынша балабақша тәрбиеленушілерінің бағдарламалық білімді игеруіне мониторинг жүргізді.

Бұл бір оқу жылындағы динамикадағы үлгерімді қарастыру арқылы қолданылатын бағдарламалардың тиімділігін бақылауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік тақырыпты іске асырудың бірінші кезеңіндегі негізгі міндеттер:

1.Денсаулық сақтау технологияларын ұтымды пайдалану арқылы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;

2. Балалардың табиғат пен адамның өзара байланысы туралы білімдерін байыту, балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

3. Балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

1.1. Әдістемелік іс-шараларды талдау

Жылдық міндеттерді шешу үшін келесі әдістемелік шаралар қабылданды: педагогикалық кеңестер. Онда мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық тексеру жүргізу, баланың даралығын дамыту үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету мәселелері талқыланды, отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату, педагогтердің кәсіби дағдыларын арттыру шарттары қаралды.

№3 Пед.Кеңес

Тақырыбы: «Құндылыққа негізделген тәрбие – бақытты бала қалыптастырудың негізі»

Мақсаты:

-педагогтардың баланың ойлау дағдыларын қалыптастыру жұмысты ұйымдастыру жөнінде білім деңгейін көтеру;

-балалардың ойлау қабілеттерін дамыту жолдарын ата- аналарына насихаттау;

-әртүрлі жастағы балалар топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстар жүргізу;

-ата-ананың бала тәрбиесіне оңтайлы көзқарасын қалыптастыру.

Педагогикалық кеңес жоспары:

Пед.кеңес отырысының күн тәртібін бекіту. Алдыңғы отырыс шешімінің орындалуын талдау. Жауапты: әдіскер А.А. Ермаганбетова

Рефлексия. Жауапты: психолог М.М. Сапарбаева

Тәжірибе алмасу

«Адал азамат біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында тәрбие жұмысын ұйымдастыру «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын жаңартуда инновациялық технологияларды пайдалану»

«Адал азамат» бағдарламасының мазмұны және оны балабақшада жүзеге асыру жолдары .

«Ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңірудегі педагогтің рөлі» Педагогикалық кеңес шешімі:

Ашық көрсетілімдер:

Педкеңеске шаралар

- тақырыптық бақылаудың қорытындысы: Мектепке дейінгі жастағы

балалардың денсаулық дағдыларың қалыптастыру бойынша жұмысының қалпы.

- ұсыныстар, педагогтардың ақыл-кеңестері және оны талқылау.
- тақырыптық бақылаудың жоспарын дайындау .
- педагогтарға және ата- аналарға арналған сауалнама дайындау, өткізу.

Баяндамалар, ақыл-кеңестер:

- Сауалнаманың мазмұны бойынша кеңес, әңгімелесу.

-Семинар-практикум:

«Жас ұрпақты салауатты өмір салтына тәрбиелеуде дене тәрбиесінің алатын орны».

Әдістемелік тақырып бойынша атқарылған жумыстың қорытындысы :

Әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспарын мына бағытта жасалды.

Мақсаты:

Балабақшаның жылдық мақсаттар мен міндеттерді іс—жүзіне асыру мақсатымен ұжымдағы әрбір педагогтың ерекшелігін ескере отырып ұтымды жекеленген жүйені қалыптастырды.

• Оқу жоспарларды, кестелерді қуру, бекіту; қосымша қызметтердің оқу жоспарлар мен кестелерін бекіту туралы іс шаралар педагогикалық сағатта қаралды.

•Жеке педагогтардың әдістемелік құралдарының, дидактикалық материалдарының жинағы дайындалып байқаулар топ аралық ұйымдастырылды.

•Өздерін жетілдіру жұмысының мазмұны бойынша пікір алысты.

•Аттесталатын педагогтармен жұмыс жүргізіліп, партфолиосы дайындалып өткізілді

•Отбасымен біріккен жобаларды ұйымдастыруы бойынша тәжірбие алмасу.

№4 Пед.кеңес

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық дамуының

тиімді әдістері»

Күн тәртібі:

Педагогикалық кеңестің 2026 жылғы №3 шешімін орындау туралы.

Мастер класс.Тақырыбы: «Музыкалық-аспаптық іс-әрекет мектеп жасына

дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы ретінде».

(Музыкалық аспаптарды балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы ретінде айтып, көрсету, туған өлкенің табиғат дыбыстарымен салыстыру)

Іс- тәжірбиемен алмасу

«Музыкалық жетекші жұмысында денсаулық сақтау технологияларын қолдану»

Мастер класс

«Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілеттерін қалай дамытуға

болады».

Танымдық және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту бойынша ашық сабақтың

талдау есебі.

№5 Пед. кеңес

